

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Ермексаз әлемі

ЖАРИЯЛАНДЫ
23.10.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/83606/>

№1 ҰОҚ. Ермексаз әлемі Мектеп / МҰ:

Күні: Педагогтің аты-жөні: Утеулиева Салтанат Шақуалиевна

Мектепалды даярлық: «А» сыныбы Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:

ҰОҚ-нің оқу мақсаттары 0.1.1.1. Затқа қарап және елестету арқылы, ермексаздың, сазбалшықтың және басқа да материалдардың бүтін бөліктерін соза отырып, таныс заттарды, түрлі пішіндегі, көлемдегі жеміс-жидек, жануар, құстардың модельдерін қарапайым геометриялық пішіндер негізінде жасау.

0.2.1.1. Мүсіндеуге арналған материалдарды үнемді пайдалану.

Тілдік мақсаттар Дағдыларын дамыту:

- өзінің және өзгелердің жұмысын талқылап, баға беру;
- пікір алмасу;
- қорытынды сұрақтарға жауап беру және өзінің ҰОҚ-дегі жетістіктерін бағалау.

Көптілділік: ермексаз – пластилин – plasticine.

Негізгі терминдер мен сөз тіркестері:

Жұмыс орны, ермексаз, ермексаз кескіш, майлық, қауіпсіздік техникасы, мұқияттылық, үнемшілдік, ою-өрнек.

Өткен ҰОҚ-нен алған білім, білік Ермексазбен жұмыс істеу дағдысы

Жоспар

Жоспарланған уақыт Жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

I. Жұмыс істеуге жағымды көңіл күй қалыптастыру 0 – 1 минут

II. Өмірлік тәжірибені белсендіру.

Мақсатты тұжырымдау.

2 – 5 минут

ҰОҚ-нің ортасы

III. ҰОҚ-нің тақырыбы

бойынша жұмыс

6 – 25 минут

ҰОҚ-нің соңы

Рефлексия

26 – 30 минут (Ұ) Педагог жұмыс істеуге қолайлы жағдай қалыптастырады. Балалармен бірге «Ермексаз әлеміне» саяхаттайтын ертегі кейіпкері – мүсінші Ермекпен танысуды ұсынады.

(Ө) Ойын түріндегі жаттығу: балалар өздерін қызықтыратын дүниелер жайлы әңгімелейді, «Ермексаз әлеміне» саяхатқа аттанып, онымен жақынырақ танысуға қызығушылық танытады.

(Ұ) Тақпақ тыңдау.«Ермексаз әлемі» – тәрбиеленушілер кішкентай мүсінші атанып, өз туындыларын жасауға талпыныс білдіреді.

(Ұ, Ө, Т) «Миға шабуыл»: мүсінші Ермек балалардың саяхатқа дайындығын анықтау үшін тапсырма береді.

(Ө) Зерттеушілік қызмет: «Ермексазбен достас» ойын жаттығуы.

(Т, Ө) Әліппе-альбомда орындалатын жұмыс:

мүсіндеуде пайдаланылатын құралдарды атап көрсету және олардың қандай мақсаттарда пайдаланылатынын түсіндіру; иллюстрацияларды қарап, мүсіндеудің түрлері туралы айтып беру.

(Ұ) Тәрбиеленушілер ҰОҚ-нің не туралы болатынын түсінеді. Зерттеудің тақырыбы мен мақсатын анықтайды.

(Ұ,Т) Мүсінші Ермек балаларды бұйымның бастапқы пішіні – шармен танысуға шақырады.

(Т) Әліппе-альбоммен жұмыс. «Шарлар мен жіптердің сиқырлы өзгерісі»: шар неге айнала алады?

(Т, Ө) Ой-қорытынды: шарды түрлі заттарға айналдыруға болады; одан жіп (жгуттик) жасауға болады, жіптен түрлі ою-өрнектер құрастырамыз.

(Ұ) Талқылау:

Ою-өрнек дегеніміз не?

Тәрбиеленушілер қазақ халқының ою-өрнектері туралы білімдерін бекітеді. Оюлардың түрлерімен танысады.

(Ұ) Әліппе-альбоммен жұмыс істеу. Үлгісін көрсету.

Тәрбиеленушілер әліппе-альбомдағы сілтемені негізге ала отырып, мүсіндеудің түрлерін және қандай тәсіл қолданылғанын атап көрсетеді.

(Ұ) Түсіндіру және мүсіндеу алгоритмін көрсету.

1.Ермексазды есеміз.

2.Екі шетін теңестіріп, ортасын белгілейміз.3. Қазақтың «Бітпес» деп аталатын өрнегін жасаймыз. Саусақтарға арналған «Кірпі» жаттығуы. «Болады – болмайды» ойыны: Ойын барысында балалар ермексазбен жұмыс істеу тәртібін пысықтап, жадына түйеді:

1.Ермексазды пайдаланғанда мұқият болу, үстелді, киімді бүлдірмеу, арнайы тақтайша үстінде мүсіндеу, ермексазды ауызға салмау. 2.Ермексаз кескішпен жұмыс істегенде абай болу; құралды ұстап тұрып қолыңды ары-бері сермеуге болмайды – бұл жарақаттауы мүмкін. 3.Ермексазбен (сазбалшықпен) жұмыс істегеннен кейін жұмыс орнын реттеу; тақтайшаны ермексаздан (сазбалшықтан) тазартып, үстелді дымқыл

шүберекпен сүрту. 4.Жұмысты аяқтағаннан кейін қолды қағаз майлықпен мұқият сүртіп, содан соң жылы сумен сабындап жуу қажет. Артынша сүлгімен немесе майлықпен құрғатып сүртеміз. (Ө) Тәрбиеленушілерге арналған өзіндік жұмыс, жеке көмек көрсету. (Ө) Шығармашылық минуты: Қазақтың ою-өрнектерін есіңе түсір және құрастыр (Музыкалық сүйемелдеу.

Әліппе-альбом.

Әліппе-альбом.

Қазақтың ою-өрнектері.

Әліппе-альбом.

Музыкалық сүйемелдеу.

Түрлі түсті ермексаз, алдын ала дайындалған қатырғықағаз қиындылары, ермексазға арналған пышақ, тақтайша, қағаз майлық. Балалардың жұмыстарын қоятын көрме. Әліппе-альбом, қарындаштар.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.